

Шалқар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 216 шешімі  
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 маусымда № 4379 болып тіркелген

**Шалқар ауданы  
бойынша  
пайдаланылмайтын ауыл  
шаруашылығы мақсатындағы  
жерлерге жер салығының  
базалық мөлшерлемелерін  
және бірыңғай жер салығының  
мөлшерлемелерін жоғарылату  
туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодекісінің 387 бабының 1-1 тармағына және 444 бабының 1 тармағына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Шалқар ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарлатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
М.Жиенгазина

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
С.Тулемисов